КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# Ш Е Ш І М

2025 жылғы 27 қаңтары № 7119-24-00-2/17278 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Р.Б.Жанәділова, азаматтық ісін оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қарап

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУПАКЕР:**
«Данияр» Дощанова Алмагул Кабаевна жеке кәсіпкері

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:**
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер «Данияр» Дощанова Алмагул Кабаевна жеке кәсіпкеріне мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Данияр» Дощанова Алмагул Кабаевна жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы болып танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Жауапкер «Данияр» Дощанова Алмагул Кабаевна жеке кәсіпкері «Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының пайдасына 2075 (екі мың жетпіс бес) теңге тұрақсыздық айыбы және 62 (алпыс екі) теңге мемлкеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер «Данияр» Дощанова Алмагул Кабаевна жеке кәсіпкерінен мемлекеттік пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге апелляциялық шағым, наразылық шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешім көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Ақмола облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Көкшетау қалалық соты арқылы келтірілуі мүмкін.

Судья Жанәділова Р.Б.

Құжатқа қол қойылған: Жанәділова Р. Б., 27.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 05.03.2025, судья Жанәділова Р. Б., 11.03.2025

7119-24-3-1/16908